

Нысанның БҚСЖ бойынша коды Код формы по ОКУД КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО	
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	
Мемлекеттік органның атауы Наименование государственного органа «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Түркістан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Шардара аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Республиканское государственное учреждение «Шардаринское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Туркестанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"	

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение
№ X.12.X.KZ49VWF00408907
Дата: 21.08.2025 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

Түркістан облысы, Шардара ауданы, Шардара қаласы, К.Байсейітова көшесі №15 мекен жайында орналасқан Түркістан облысы білім басқармасының Шардара ауданының білім бөліміне қарасты «№3 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) **Заявление от 08.08.2025 16:50:40 № KZ19RYS01296337**

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі) по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик) (заявитель) **Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім бөлімінің «№3 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысы, Шардара ауданы, Шардара қаласы, К.Байсейітова көшесі №15**

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тнсілігі), объектінің мекен жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сарапта у жүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

білім беру

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекенжайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес) **Негізгі және жалпы орта білім беру**

4. Жобалар, материал дарәзірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) **қажет етілмейді**

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) **Өтініш 08.08.2025 жылғы №KZ19RYS01296337, «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалының Шымкент қалалық бөлімшесінің зерттеу және өлшем хаттамалары**

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) **қажет етілмейді**

7. Басқа ұйым дардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организации если имеются) **қажет етілмейді**



8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции))

Түркістан облысы білім басқармасының Шардара ауданының білім бөліміне қарасты «№3 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы 24 ақпан 2025 жылы тіркелген. БСН-250240027891. Заңды тұлғаның мекен жайы Түркістан облысы, Шардара ауданы, Шардара қаласы, Күләш Байсейітова көшесі, №15 мекен жайында типтік жобада салынған 2 қабатты ғимаратында орналасқан. Мектеп директоры: Ақбердиев Еркинали Дуйсенбаевич. Байланыс телефоны: 87753516333. Мектеп ғимараты пайдалануға 2025 жылы берілген. Нысанға заңнамаға сәйкес рұқсат беру құжаттары бұрын берілмеген. Қызмет саласы білім беру. Құрылыс ауданы-3622,81 шаршы метр, ғимарат ауқымы-5579 шаршы метр, жалпы ауданы-2,3 га. Мектеп типтік жобамен салынған екі қабатты 1 ғимаратта орналасқан. Ғимараттың фундаменті бетон, қабырғалары және қалқалары күйдірілген кірпіштен, дәліз бөлімдері күйдірілген кірпіш, төбе жабындысы - профнастил. Аумағы барлық периметрі бойынша темір тормен толығымен қоршалған, қоршауы зақымдалмаған. Мектептің жер учаскесіне кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға апаратын жолдары бетондалған, көріктендірілген, көгалдандырылған. Мектептің спорттық аумағында жүгіру алаңы, футбол және баскетбол, волейбол алаңшалары, құммен секіру алаңы, теннис корт, үстелдегі теннис қарастырылған. Ойын алаңшасында балалардың жас және бой ерекшелігіне сәйкес ойын жабдықтарымен жабдықталған. Жаңбыр және еріген суды бұруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар сақталған, жиналған суды ағызып жіберетін арық, суағар қарастырылған. Мектептің аумағында мектеп қызметімен байланысы жоқ объектілер орналаспаған.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған үш жағынан 2,20 м биіктікте қоршалған тазалау және дезинфекциялау үшін қолжетімді, су өткізбейтін төсемі бар алаң қарастырылған. Қоқыс алаңында тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталған 5 қоқыс контейнері орналасқан. Мектеп ауласында ауданы-4200 ш.м. құрайтын футбол алаңы 100 м жүгіру жолымен қамтылған, жүгіру жолдарының бетінің қатты жабыны бар, атмосфералық жауын-шашынға төзімді жоғарғы қабаты бар. Аулада футбол ойнау алаңы қарастырылып, аумағы 6 метр биіктікте темір тормен қоршалып, газон төселген. Баскетбол және волейбол алаңының ауданы-162 ш.м. Құмға секіруге арналған шұңқырларды үгінділер қосылған таза құммен (тас, бұтақтар, жапырақтары жоқ) толтырылған. Шұңқырлардың ағаш ернеулері жердің бетімен бір деңгейде орналасқан. Балалар ойын алаңында бастауыш сынып ойын алаңы-2, 5-9 сыныптарға арналған гимнастикалық алаң-2 қарастырылған. Ойын және спорт алаңдарының жабдықтарын қоса алғанда, жиһаз бен жабдық білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойына және жасына сәйкес келеді. Спорт, ойын жабдықтары жарамды күйде.

Ауыз су жүйесі: шаруашылық-ауыз су жүйесі қаланың орталықтандырылған жүйесіне қосылған. Қосымша жертөледе су қысымын көтеру үшін вакуумды насос қойылып, судың қоры үшін 1 тонналық 3 сыйымдылық қарастырылған. Мектептің ауыз суы нормалау құжаттарының белгіленген талаптарына сәйкес қауіпсіз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілген. Ыстық су үшін бүкіл мектеп ғимаратына жертөледе орналасқан су ысытқыш 2 дана теплоинник арқылы су тұрақты үздіксіз беріледі. Оқушыларға ауыз суды, кулер құрылғысы арқылы пайдаланылады. Ауыз су және ыстық су жүйелері ақаусыз. Кәріз жүйесі: жергілікті септик арқылы. Өндірістік және жеке тұрмыстық сарқынды суды бұруға арналған жергілікті суды бұру құрылғысы көзделген. Сарқынды суды жинау үшін берік жабылатын қақпағы бар люкпен жабдықталған, су өткізбейтін сыйымдылық (шұңқыр) құрылғы орнатылған, сыйымдылықтың көлемі -50 м кубты құрайды. Сыйымдылықты тазарту - толу шамасына қарай жүргізіледі. Сарқынды суларды қабылдау жүйелері ақаусыз.

Жылу жүйесі: мектеп ғимаратының жылу жүйесі жеке қазандық арқылы табиғи газ арқылы жылытады. Мектеп ғимараты сынып бөлмелері, асхана және медициналық бөлмесінде жылыту жүйесінің батареялары терезе астындағы қуыстарда орналастырылған, спорт залдың жылыту жүйесінің радиаторларының еденнен 2 м биіктікке орнатылған, беті тормен жабылған. Жылыту жүйелерінің санитариялық-техникалық жағдайлары қанағаттанарлықты, ақаусыз. Барлық бөлмелерде 1,2 м биіктікке термометрлер орнатылған. Жылыту жүйесі ақаусыз.

Жарық жүйесі. Мектеп ғимаратының үй-жайлары табиғи және жасанды жарықтандырылған, жарықтандырылуы мемлекеттік нормативтерге сәйкестендірілген. Жасанды жарықтандыру үшін диодты, люминисцентті және энергия үнемдеуші шамдарды пайдаланады.



Ортақ жасанды жарықтандыру барлық үй-жайларда көзделінген. Оқу үй-жайларындағы жиһаз сол жақ бүйірден табиғи жарықтандыру қамтамасыз етіліп, орнатылған. Негізгі жарық ағынының білім алушылар мен тәрбиеленушілердің алдынан және арт жағынан түсуіне жол берілмеген. Объектінің аумағында сыртқы жасанды жарықтандыруы бар. Барлық оқу үй-жайларының жарық түсетін ойықтарды реттелетін күннен қорғайтын жалюздермен жабдықтаған. Оқу үй-жайларында терезенің әйнектерін бояуға жол берілмеген. Терезелердің әйнектелуі бүтін шыны төсемінен орындалған. Жасанды жарықтандыруға үй-жайда бір үлгідегі шамдарды қолданған, шамдар беті плафондармен қапталған. Жарық деңгейлері нормативтік көрсеткіштерге және құжаттарға сай, жарық жүйелері қанағаттанарлық, ақаусыз.

Желдету жүйесі: Үй жайларда ауа механикалық желдету жүйесімен қамтамасыз етіледі. Спорт зал мен оқу сыныптарында үй жайларындағы механикалық желдету жүйелерінен шығарылады. Табиғи желдету есік, терезе арқылы және механикалық іске қосылатын сору-сыртқа тарту желдеткіш жүйелерімен жабдыкталынған. Ауа өткізгіштер, торлар, желдеткіш камералары таза, механикалық зақымдалмаған, тотығу іздері, герметикалық бұзылуы жоқ. Терезелерде, желдету үшін ашылатын желкөздерде москит торлары орнатылған. Мектептің станоктармен жұмыс жүргізілетін шеберханасында сору-сыртқа тарту желдеткішімен жабдыкталынған. Желдету жүйелерінің санитариялық-техникалық жағдайлары ақаусыз.

Мектеп ғимаратының 1 блогының 1-ші қабатында:

1) химия кабинеті - 93,44 ш.м., зертхана кабинеті - 18,28 ш.м.

Мектеп ғимаратының 1 блогының 2-ші қабатында:

1) биология кабинеті - 94,20 ш.м., зертхана кабинеті - 18,02 ш.м.

Мектеп ғимаратының 2 блогының 1-ші қабатында:

1) қазақ тілі кабинеті - 59,94ш.м.

2) ұлдардың санитариялық торабы - 12,32ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-2, унитаз-3, писсуар-1

3) ерлердің санитариялық торабы - 3,29ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-1, унитаз-1.

4) жинау мүкәммалын сақтауға арналған бөлме - 3,50ш.м.

5) мүгедектерге арналған санитариялық торабы - 4,06ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-1, унитаз-1.

6) қыздардың жеке гигиенасына арналған бөлме - 3,17ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-1, унитаз-1, гигиеналық себезгі-1.

7) қыздардың санитариялық торабы - 12,65ш.м, қол кептіргіш-1, раковина-2, унитаз-2.

8) дизайн және технология шеберханасы - 48,80ш.м.

9) мәдениет үйі шеберханасы - 65,53 ш.м.

10) құрал жабдықтар бөлмесі - 11,46ш.м.

11) лифт холлы - 11,00ш.м.

12) дәліз - 169,22ш.м.

13) физика кабинеті - 95,58ш.м., зертхана кабинеті - 18,49ш.м.

14) математика кабинеті - 65,54ш.м.

15) қазақ тілі және әдебиеті кабинеті - 65,62ш.м.

Мектеп ғимаратының 2 блогының 2-ші қабатында:

1) лифт холлы - 11,00ш.м.

2) тамақтану мәдениеті шеберханасы - 60,45ш.м.

3) инклюзивті білім алушыларға арналған кабинет - 39,02ш.м.

4) мүгедектерге арналған санитариялық торабы - 4,06ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-1, унитаз-1.

5) жинау мүкәммалын сақтауға арналған бөлме - 3,10ш.м.

6) ерлердің санитариялық торабы - 3,29ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-1, унитаз-1.

7) ұлдардың санитариялық торабы - 10,34 ш.м., қол кептіргіш-1, 2-раковина, 2-унитаз, 1-писсуар

8) қыздардың жеке гигиенасына арналған бөлме - 3,24ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-1, унитаз-1, гигиеналық себезгі-1.

9) шаруашылық меңгерушінің кабинеті - 15,35ш.м.

10) ағылшын тілі кабинеті - 42,25ш.м.

11) дәліз - 155,80ш.м.

12) АӘД кабинеті - 95,58ш.м., қойма кабинеті - 21,57ш.м.

13) тарих кабинеті - 65,54ш.м.

14) география кабинеті - 64,60ш.м.

Мектеп ғимаратының 3 блогының 1-ші қабатында:

1) мектептің кіреберісіндегі вестибюль - 70,02ш.м.

2) күзетші бөлмесі - 14,87ш.м.

3) қабылдау бөлмесі - 21,45ш.м.

4) директор кабинеті - 34,21ш.м.

5) медициналық кабинет - 23,87ш.м.

6) оқшаулау бөлмесі - 8,74ш.м.

7) оқшаулау бөлмесінің санитариялық торабы - 1,92ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-1, унитаз-1.

8) медициналық қызметкерлердің санитариялық торабы - 1,92ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-1, унитаз-



- 1.
- 9) медициналық қалдықтарға арналған бөлме - 1,58ш.м.
- 10) ем-шара бөлмесі - 15,24ш.м.
- 11) тренерлер бөлмесі - 14,63ш.м.
- 12) тренерлерге арналған себезгі бөлмесі - 1,39ш.м., себезгі торы-1.
- 13) тренерлерге арналған санитариялық торабы - 2,13ш.м.
- 14) ұлдарға арналған киім ауыстыру бөлмесі - 19,58ш.м.
- 15) ұлдарға арналған себезгі бөлмесі - 4,63ш.м., себезгі торы-2.
- 16) ұлдарға арналған санитариялық торабы - 2,03ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-1, унитаз-1.
- 17) қыздарға арналған киім ауыстыру бөлмесі - 20,21ш.м.
- 18) қыздарға арналған себезгі бөлмесі - 4,63 ш.м., себезгі торы-2.
- 19) қыздарға арналған санитариялық торабы - 2,26ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-1, унитаз-1.
- 20) дәліз - 68,12ш.м.

Мектеп ғимаратының 3 блогының 2-ші қабатында:

- 1) дәліз - 72,22ш.м.
- 2) кітапхана - 103,09ш.м.
- 3) орыс тілі кабинеті - 44,37ш.м.
- 4) робототехника кабинеті - 61,16ш.м.
- 5) информатика кабинеті - 56,14ш.м.
- 6) графика және жобалау кабинетінің - 62,61ш.м.

Мектеп ғимаратының 4 блогының 1-ші қабатында:

- 1) мұғалімдер кабинеті - 43,59ш.м.
- 2) бухгалтерия кабинеті - 13,55ш.м.
- 3) хореография залы - 70,35ш.м.
- 4) киім ауыстыру бөлмесі №1 - 10,19ш.м.
- 5) киім ауыстыру бөлмесі №2 - 10,23ш.м.
- 6) мұғалімдер гардеробы - 9,45ш.м.
- 7) әйелдердің жеке гигиенасына арналған бөлме - 5,17ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-14, унитаз-1, гигиеналық себезгі-1.
- 8) дәліз - 112,45ш.м.

Мектеп ғимаратының 4 блогының 2-ші қабатында:

- 1) дәліз - 118,0ш.м.
- 2) директор орынбасарының кабинеті - 18,36ш.м.
- 3) кадр кабинеті - 15,45ш.м.
- 4) заңгер кабинеті - 15,28ш.м.
- 5) әлеуметтік педагог кабинеті - 14,75ш.м.
- 6) психолог кабинеті - 15,06ш.м.
- 7) логопед кабинеті - 14,14ш.м.
- 8) STEM-зертхана - 73,82ш.м.

Мектеп ғимаратының 5/1 блогының 1-ші қабатында:

- 1) спорт залы - 624,87ш.м.

Мектеп ғимаратының 5/2 блогының 1-ші қабатында:

- 1) спорт жабдықтарын сақтайтын бөлме - 23,94ш.м.
- 2) дәліз - 31,37ш.м.
- 3) ас үй ыдыстарын жууға арналған бөлме - 5,68ш.м.
- 4) құрғақ өнімдерді сақтауға арналған қойма - 7,19ш.м.
- 5) жинау мұқаммалына арналған бөлме - 2,26ш.м.
- 6) асхана қызметкерлерінің санитарлық торабы - 3,07ш.м., раковина-1, унитаз-1.
- 7) асхана қызметкерлерінің себезгі бөлмесі - 1,92ш.м., себезгі торы-1.
- 8) асхана персоналына арналған бөлме - 7,46ш.м.
- 9) полуфабрикат өнімдерін салқындату бөлмесі - 6,02ш.м.
- 10) ыдыстарды жуу бөлмесі - 4,10ш.м.
- 11) көкөніс сақтауға арналған қойма - 7,51ш.м.
- 12) сүт-май және гастронам өнімдерін салқындату бөлмесі - 6,23ш.м.
- 13) ет және балық өнімдерін салқындату бөлмесі - 5,88ш.м.
- 14) асхана мұқаммалын сақтауға арналған бөлме - 4,03ш.м.
- 15) тағам қалдықтарын салқындату бөлмесі - 9,24ш.м.
- 16) асхана меңгерушісінің кабинеті - 8,14ш.м.
- 17) көкөніс цехы - 10,20ш.м.
- 18) ет және балық цехы - 10,14ш.м.
- 19) салқын цех - 10,33ш.м.



Мектеп ғимаратының 5/2 блогының 2-ші қабатында:

1) акт залы сахнасымен - 159,82ш.м.

2) дәліз - 13,29ш.м.

3) декорация қоймасы - 17,61ш.м.

Мектеп ғимаратының 6 блогының 1-ші қабатында:

1) асхана ыдыстарын жууға арналған бөлме - 18,58ш.м.

2) ыстық цех - 28,53ш.м.

3) тамақтанатын зал - 88,92ш.м.

4) жоғарғы сыныпқа арналған қол жуу орны - 10,01ш.м., қол кептіргіш-2, раковина-4.

5) бастауыш сыныпқа арналған қол жуу орны - 10,17ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-3.

6) дәліз - 55,18ш.м.

Мектеп ғимаратының 6 блогының 2-ші қабатында:

1) ән-күй бөлмесі - 64,70ш.м.

2) гардероб №1 - 10,28ш.м.

3) гардероб №2 - 10,22ш.м.

4) гример бөлмесі №1 - 10,57ш.м.

5) гример бөлмесі №2 - 9,81ш.м.

6) демалыс бөлмесі (коворкинг) - 83,50ш.м.

7) ұлдардың санитариялық торабы - 5,57ш.м.

8) қыздардың санитариялық торабы - 5,63ш.м.

9) жинау мұқаммалдарын сақтауға арналған бөлме - 2,05ш.м.

Мектеп ғимаратының 7 блогының 1-ші қабатында:

1) дене шынықтыру мұғалімдерінің кабинеті - 17,99ш.м.

2) мүгедектерге арналған санитариялық торабы - 4,25ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-1, унитаз-1.

3) әйелдердің санитариялық торабы - 3,86ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-1, унитаз-1.

4) жинау мұқаммалдарын сақтауға арналған бөлме - 3,62ш.м.

5) қыздардың санитариялық торабы - 12,01ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-2, унитаз-3.

6) ұлдардың санитариялық торабы - 10,93ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-2, унитаз-3.

7) 1 сынып бөлмесі - 66,06ш.м.

8) 0 сынып бөлмесі - 68,30ш.м.

9) ойын бөлмесі - 65,17ш.м.

10) вестибюль гардеробпен - 200,09ш.м.

11) техникалық персонал бөлмесі - 15,89ш.м.

Мектеп ғимаратының 7 блогының 2-ші қабатында:

1) сенсорлық кабинет - 18,50ш.м.

2) мүгедектерге арналған санитариялық торабы - 4,25ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-1, унитаз-1.

3) әйелдердің санитариялық торабы - 3,86ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-1, унитаз-1.

4) жинау мұқаммалдарын сақтауға арналған бөлме - 3,62ш.м.

5) қыздардың санитариялық торабы - 12,01ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-2, унитаз-3.

6) ұлдардың санитариялық торабы - 10,93ш.м., қол кептіргіш-1, раковина-2, унитаз-3.

7) дәліз демалыс орынымен (коворкинг) - 110,76ш.м.

8) №1 бастауыш сыныбы - 65,57ш.м.

9) №2 бастауыш сыныбы - 68,30ш.м.

10) №3 бастауыш сыныбы - 65,17ш.м.

11) шет тілі кабинеті - 46,86ш.м.

12) IT және робототехника кабинеті - 67,07ш.м.

Мектептің жобалық қуаты бойынша 300 оқушыға арналған, яғни оқу сыныптарының ауданы бір білім алушыға шаққанда 2,5 шаршы метрден және санитариялық тораптарда көрсетілген оқушы санына сай келеді.

Кіші сыныптарға арналған кабинеттер шкафтар блоктарымен, интерактивті тақта, тақтамен, мұғалімдер үстелімен, ыстық және суық сумен жабдықталған раковинамен, оқушылар үстелдерімен жабдықталған. Жоғары сыныптарға арналған кабинеттер оқу құралдарын сақтауға арналған шкаф блоктарымен, роликті крандармен, бейне проекторлар, қосуға арналған электр розеткаларымен, интерактивті тақта, қол жууға арналған раковиналармен жабдықталған. Технологияны және еңбекті зерделеу шеберханаларының, сондай-ақ бағыттар бойынша саралап оқытуға арналған мамандандырылған шеберханалардың ауданы бір білім алушыға шаққанда 3,75 м2 есептелген. Еңбекке баулу шеберханаларындағы еден механикалық әсерге төзімді, химия кабинеттері мен зертханаларында - химиялық реагенттерге төзімді материалдан жасалынған. Музыка сыныптары музыкалық аспаптармен жабдықталған. Сынып бөлмелерін жиназдар мен жабдықтары білім алушыларға сәйкестендірілген. Оқу бөлмелерінің едендеріне ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға жол берілетіндей линолеумдер төселінген, коридорлар едені кафель, сынып бөлмелерінің қабырғалары әр пәнге сәйкестендіріліп әрленген, сырланған, дәліздерде қабырғалар



1,6 метр сырлы эмульсиялы бояумен сырланған. Барлық үй-жайлардағы еденнің беті тегіс, күңгірт, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған. Оқу корпусында физика, биология, химия кабинеттерінің қосымша зертхана кабинеттері бар. Физика және химия сыныптары физикалық және химиялық реагенттерді пайдалана отырып, зертханалық жұмыстарды жүргізу үшін демонстрациялық және оқу зертханалық үстелдерге электр энергиясы жүргізілген, химия кабинетінде су және кәріз жүргізу көзделген. Химия кабинетінде сыртқа тарту шкафы қарастырылған. Тәжірибелер жүргізу үшін пайдаланылатын химиялық реагенттер, қышқылдар мен сілтілер таңбаланып, жауапты адамның бақылауымен арнайы бөлінген сейфте сақталады.

Информатика кабинеттері компьютерлер қорғанышы жерге тұйықтаумен жабдықталған. Монитордың экранында жарқылды болдырмау үшін терезе ойықтары күндізгі жарықты өткізбейтін қорғаныш құрылғыларымен жабдықталған. Компьютерлер қабырғаға айналдыра қатар орналасқан. Қатар орналастыру кезінде бір бейне монитордың сыртқы бетімен екіншісінің экраны арасындағы арақашықтық 2м, бейне мониторлардың бүйір беттер арасындағы арақашықтық 1,2м, әр бір қатардағы үстелдің бүйір жақтаудағы арақашықтық 0,5 сақталған. Компьютерлердің электр магниттік өрісінің деңгейлері нормативтік көрсеткіштерге және құжаттарға сай, ақаусыз. Ауаның температурасын бақылау үшін оқу үй-жайларында термометрлер орнатылған. Мектептің оқу кабинеттері мен зертханалар жұмыс үстелдерімен, арқалығы бар орындықтармен жабдықталған.

Медициналық қызмет көрсету бөлмелері мектептің бірінші қабатында орналасқан 3 бөлмеден тұрады: медициналық кабинет, ем-шара бөлмесі, оқшаулау бөлмесі. Медициналық кабинет бұйрықтың 10 қосымшасына сәйкес керек жабдықтармен толық қамтамасыз етілген: тоңазытқыш, дәрі-дәрмек қоятын шкаф, жұмыс столы, орындықтар, кушетка, бой өлшегіш, медициналық таразы, әйнек қақпағы бар медициналық шағын үстел, медициналық шкаф, бактерицидті шам, фонендоскоп, бір рет қолданылатын бет перделер, жинау мүкәммалдары (шүберек, шелек, швабра, шүберек сақтайтын ыдыс, резеңке қолғаптар), термометрлер, көздің көргіштігіне арналған кесте, сантиметрлік лента, кілемше, педальды қақпағы бар шелек. Медициналық кабинеттегі жиһаздары, жинау мүкәммалдары жуу құралдарына және дезинфекциялау құралдарына төзімді материалдардан жасалынған. Ауаның температурасын бақылау үшін медициналық қызмет көрсету бөлмесінде термометр орнатылған. Қабырғасы толығымен эмульсиямен сырланған, төбесіне пенопластық плиткалар жапсырылған, еденіне ленолиум төселген, раковина орнатылған қабырға тұсына кафель жапсырылған жууға, ағымдағы ылғалды дезинфекция жасалатын, ылғалды жұмыс режимі бар денсаулық сақтау объектілерінің үй-жайларында ішкі әрлеу үшін ылғалға төзімді материал пайдаланылған. Оқшаулау бөлмесі дәрігер бөлмесінің жанында орналасқан. Оқшаулау бөлмесі қабырғалары 1,5м биіктікте кафель жапсырылған, жууға, ағымдағы ылғалды дезинфекция жасалатындай, төбесіне пенопластық плиткалар жапсырылған, едендері тегіс, жууға, ағымдағы ылғалды дезинфекция жасалатын, ылғалды жұмыс режимі бар денсаулық сақтау объектілерінің үй-жайларында ішкі әрлеу үшін ылғалға төзімді материал кафель пайдаланылған. Оқшаулау бөлмесінде кушетка, төсек орынмен және шкаппен, қабырғалы кварц шамымен, ширма, қамтамасыз етілген. Оқшаулау бөлмесінде ішкі санитарлық торап қарастырылған, суық және ыстық су келтірілген раковина және унитаз орнатылған. Ем шара бөлмесінің қабырғасы 1,5 биіктікте кафельденген, кафельдің жоғарғы жағы сулы эмульсия бояумен сырланған, жууға, ағымдағы ылғалды дезинфекция жасалатын, ылғалды жұмыс режимі бар денсаулық сақтау объектілерінің үй-жайларында ішкі әрлеу үшін ылғалға төзімді материал пайдаланылған, төбесі сулы эмульсиямен боялған, едені ылғалды дезинфекциялық жуып тазалауға төзімді материалдан кафельденген. Терезесі пластиктен қойылған, есігі ағаштан ылғалға, жууға және дезинфекциялауға төзімді етіп сырланып, жасалынған. Жеке бас гигиенасын сақтау үшін, қолды жууға раковина орнатылған. Қолды өңдеуге арналған антисептиктермен, санитайзермен, шынтақ дозаторы бар сұйық сабынмен, бір рет қолданылатын сүлгілермен және қол жуу техникасы бойынша қабырғалық көрнекілік құралмен қамтамасыз етілген. Медициналық бөлме персоналдарға арналған арнайы киім ауыстыратын орын шкафтармен жабдықталған. Персоналға арналған санитарлық торап және себізгі бөлмесі қарастырылған, суық және ыстық су келтірілген раковина және унитаз орнатылған, ал себізгі бөлмесінде раковина мен табандық орнатылған. Медициналық кабинеттің, оқшаулау бөлмесінің, персоналға арналған санитарлық торап және себізгі бөлмесінің ішкі әрленуі: қабырғаларына 1,5м және едендеріне кафель жапсырылған, төбесіне пенопластық плиткалар жапсырылған, едендері тегіс, жууға, ағымдағы ылғалды дезинфекция жасалатын, ылғалды жұмыс режимі бар денсаулық сақтау объектілерінің үй-жайларында ішкі әрлеу үшін ылғалға төзімді материал пайдаланылған. Медициналық қалдықтарды сақтауға бөлме қарастырылған. Медициналық қалдықтарды жинау үшін бір рет қолданылатын, су өткізбейтін қаптар, пакеттер және пластик сыйымдылықтар, жинауға және қауіпсіз кәдеге жаратуға арналған контейнерлер пайдаланылады.

Мектеп ғимаратында спорт зал бірінші қабатта орналасқан. Спорт залдың еденіне арнайы төсем төселген, беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған. Спорт залдарының жанындағы қыздар мен ұлдарға арналған киім шешетін орындар киімге арналған шкафтармен, ілгіштермен және орындықтармен жабдықталған. Киім шешетін бөлмелер жанында санитарлық тораптар



мен себезгі бөлмелері қарастырылған. Санитариялық тораптарда қол кептіргіш-1, 1-раковина, 1-унитаздан қойылған. Себезгі бөлмелерінде 2-себезгі торлары бар. Санитариялық тораптар мен себезгі бөлмелерінің қабырғалары 1,5м биіктікте және едендеріне кафель жапсырылған, едендері тегіс, жууға, ағымдағы ылғалды дезинфекция жасалатын, ылғалды жұмыс режимі бар денсаулық сақтау объектілерінің үй-жайларында ішкі әрлеу үшін ылғалға төзімді материал пайдаланылған. Спорттық төсеніштер мен снарядтардың жабыны (қаптамасы) ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға жол беретіндей бүтін. Спорт залдың терезелерінің беті торлармен жабылған, жылыту жүйесінің радиаторларының беті тормен жабылған. Спорт залда екі жақ бүйірден табиғи жарықтандыруға және аралас (үстіңгі және бүйір жақтан) жарықтандырылған. Жеке гигиена заттары және қоқыс жинауға арналған қоқыс салғыштар қойылған.

Білім беру объектісінің ас блогы бірінші қабатта орналасқан. Мектеп асханасында үй-жайдың құрамы айқындалған, яғни типіне, қызмет көрсету түрі мен әдістеріне байланысты үй-жайлар көзделінген. Жабдықталуы: толығымен замануи жабдықтармен қамытылған. Бастауыш сынып оқушыларына арналған қол жуу орнынында - 3 қолды жууға арналған раковиналар және 1 қол кептіргіш орнатылған, жоғарғы сынып оқушыларына арналған қол жуу орнында - 4 қолды жууға арналған раковиналар және 2 қол кептіргіштер орнатылған. Тамақтану залында - 49 орынға үстелмен орындықтар қарастырылған. Ас тарату орнында - өндірістік үстелдер тот баспайтын болаттан, стеллажбен, ыстық сусындарға арналған прилавкі, электр қыздыру тележжасы 1, асхана ас жабдықтарына арналған прилавкамен, витриналық тоңазытқыш, мармит екі асты бұмен (2 полкалы, жарық орнатылған,) жарақталған. Ас пісіру бөлмесі (горячий цех) өндірістік үстелдер 4 тотбаспайтын болаттан, су қайнататын сыйымдылық, 6 камфорлы электр пеш 1, тоңазытқыш шкафы 1, қол жуатын раковина, ванна-1. Ас пісіретін электр пештің үсінен ылғалды сорып шығаратын желдету қондырғысы қойылған. Асхана ыдыстарын жуатын бөлме - өндірістік үстелдер 2 тотбаспайтын болаттан аяқтары трубалы регулировка жасалатын, 1 өндірістік үстел тот баспайтын болаттан тамақ қалдықтарын жинайтын, өндірістік стеллаж 3. Үш секциялы ыдыс жуу раковинасы қойылған, конвеерлі ыдыс жуу машинасы. Ас үй ыдысын жууға арналған бөлме - 1 өндірістік үстелдер тот баспайтын болаттан аяқтары трубалы регулировка жасалатын, ыдыс жууға арналған бір секциялы ванна, қол жууға арналған 1 раковина. Салқын цех бөлмесі - 1 өндірістік үстел тотбаспайтын болаттан, аяқтары трубалы регулировка жасалатын, 1 тоңазытқыш шкафы, 1 тоңазытқыш үстелі, бір секциялы жуу 1 раковина. Құрғақ өнім сақтауға арналған қойма - төрт полкалы 1 стеллаж, 2 подтоварник. Жинау мүкаммалын сақтауға арналған бөлме - 1 қол жууға арналған раковина, 1 себезгі торы, 1 шкаф. Ет және балық цехы - 1 тоңазытқыш шкафы, 1 секциялы 2 раковина, 1 қол жууға арналған раковина, 3 өндірістік үстелдер тотбаспайтын болаттан, аяқтары трубалы регулировка жасалатын. 1 электрлі еттартқыш. Көкөніс цехы - 1 тоңазытқыш шкафы, 1 қол жууға арналған раковина, 3 өндірістік үстелдер тотбаспайтын болаттан, аяқтары трубалы регулировка жасалатын, 1 көкөніс жууға арналған өндірістік үстел тот баспайтын болаттан тамақ қалдықтарын жинайтын. Асхана меңгерушісінің кабинеті - 1 жұмыс үстелі, 1 орындық, 1 тумба. Көкөніске арналған қойма - төрт полкалы 2 стеллаж, 2 подтоварник. Полуфабрикатқа арналған салқындату бөлмесі - төрт полкалы 1 стеллаж, 1 потолочный моноблок. Сүт-май және гастромом өнімдерін салқындату бөлмесі - төрт полкалы 1 стеллаж, 1 потолочный моноблок. Ет және балық өнімдерін салқындату бөлмесі - төрт полкалы 1 стеллаж, 1 потолочный моноблок. Ыдыстарды сақтайтын бөлмесі - өндірістік үстелдер тотбаспайтын болаттан аяқтары трубалы регулировка жасалатын 2. Тамақ қалдықтарын сақтау бөлмесі - тамақ қалдықтарына арналған тоңазытқыш камера 1, потолочный моноблок-1. Мектеп асханасындағы қалыпты режимде пайдаланылатын үй жайлардағы қабырғалары, едені, жабдықтың беті ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей тегіс. Ылғалды режиммен жұмыс істейтін асхана үй-жайы мен қойма қабырғасы 1,5 м биіктікте, ал едені толығымен кафельденген. Тамақтану залы, персоналға арналған бөлме, келушілерге арналған қол жуу орны қабырғасы толығымен сулы эмульсиямен боялып әрленген, барлық бөлмелердің едендері кафель төселген. Жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жинауға төзімді қапталынған. Үй жайдың едендері, қабырғалары мен арақабырға аралық беттері тегіс, ақаусыз. Асхана үй-жайларының есіктері тегіс, ылғалды сіңірмейтін, жуылатын материалдан (пластиктен) көзделінген. Есіктерді сыртқа қарай ашу көзделінген. Мектеп асханасының үй жайлары азық-түлік шикізатының, дайын тағам өнімдерінің, пайдаланылған және таза ыдыстардың қарсы немесе тоғыспалы ағынын болдырмай қамтамасыз етілген. Асхана мен тамақтану орындарының арасы бөлінген. Мектеп асханасы нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес табиғи жасанды жарықтандыру көзделінген. Барлық үй жайларда бір үлгідегі люминесцентті шамдар, шамдарда плафондар орнатылған. Жарық жүйелері ақаусыз. Мектеп асханасының терезелерінде және барлық ашылатын ойықтар бетінде жуылатын қорғаныш торлары қойылып жабдықталынған. Терезе әйнектері, электр шамдардың плафондары және сыртқа тартып желдету жүйесінің жалюзді торлары таза ұсталынған. Ауыз су өзіндік ауыз су ұғымасына елді мекеннің орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылып орталықтандырылған ауыз су жүйесінен. Асханада ыстық су арнайы су қыздырғыш қондырғысы арқылы қамтылған. Асхана қызметкерлері үшін қол жууға арнайы раковина жабдықталынған. Жеке бас гигиенасын сақтау үшін қол жууға арналған санитайзермен, қол сүртуге бір реттік қағаз сулықтармен, жеке әжетхана мен жуын



бөлмесімен қамтамасыз етілген, кептіргіш құрылғысы жұмыс жағдайында. Мектеп асханасы тамақ өнімдерінің ластану қаупін болдырмайтын салқын және ыстық сумен жабдықтау, суды бұру, жылумен жабдықтау, жарықтандыру, желдету, ауа баптау жүйелері жарамды күйде қамтамасыз етілген. Мектеп асханасының үй-жайлары санитариялық қағида талаптарына сәйкес азық-түлік (тамақ) шикізатының, шикі жартылай фабрикаттар мен дайын тамақ өнімдерінің, пайдаланылған және таза ыдыстардың қарсы немесе тоғыспалы ағынын, келушілердің және қоғамдық тамақтану өнімдерін дайындауға қатысатын персоналдың қарсы қозғалысын болдырмайтын технологиялық процестердің дәйектілігі мен ағымын қамтамасыз ете отырып көзделінген.

Мектеп асханасында қайта пайдалануға болатын асхана, шәй және шыны ыдыстарды подностарды жуу үшін асханада жеке орын белгіленіп, пайдаланылған ыдыстарды қабылдау, таза ыдыстарды беруге арналған жабдық орнатылып, таза ыдыстардың қарама қарсы айдас ағымдарын болдырмайтын және олардың ағымдылығы сақталына отырып жабдықталынған. Мектеп асханасында бір рет пайдаланылатын ыдыстар қолданыста жоқ. Асханаға сырттан кіретін бөлек кіре беріс есік қарастырылған. Мектеп асханасының үй жайында азық-түлік (тамақ) шикізатын және дайын тамақ өнімдерін бөлу үшін арналған мүкәммалдары жеткілікті. Азық-түлік (тамақ) шикізатын және дайын тамақ өнімдерін (ет, құс еті, балық, көкөніс, нан) бөлу үшін әріптік таңбалау жасалынған, өңделетін тамақ өнімдеріне сәйкес жеке бөлшектеу мүкәммалдары (тақтайша, пышақтар) мақсаттарына қарай таңбаланған. Бөлшектеу мүкәммалдарын сақтау бөлек, арнайы бөлінген орында тікелей тиісті өндірістік үстелдерде қамтамасыз етілген. Олардың жұмыс беттерінің бір-бірімен жанасуына жол берілмеген. Бөлшектеу тақтайлары (етті қажет болғанда балықты) шабуға арналған діңгектері бар, беті тегіс, жарықсыз. Ыдыс жуатын бөлме еден еңісі бар төгу тораптарымен жабдықталған. Азық-түлік тез бұзылмайтын тамақ өнімдерін сақтайтын қойма қарастырылған. Қоймада температуралық-ылғалдылық режимінің сақталуын бақылау үшін бақылау өлшеу (термометр) құралдары ілінген. Мектеп асханасынан шығарылатын қалдықтар мектептің шаруашылық аумағында қатты тұрмыстық қалдық тастайтын алаңға шығарылады. Мектеп асханасының ас пісіру бөлмесінде желдету жүйесі механикалық іске қосылатын сору сыртқа тарту желдету жүйесімен жабдықталған. Өндірістік орында технологиялық құрылғы орнатылған орында жылу мен ылғал бөлу көздері болып табылатын жабдықтың үстінде механикалық іске қосылатын сыртқа тарту шатыры орнатылған. Мектеп асханасының жылуы мектеп ғимаратының ауласындағы автономды жылыту қазандығынан жүргізілген жылыту жүйесіне қосылған. Асхана қызметкерлеріне асхана үй жайынан арнайы санитариялық торап пен себезгі бөлмесі бөлек қарастырылған. Қызметкерлер бөлмесінде қызметкерлерге арналған орындықтар мен киім ілуге арналған ілгіш қарастырылған. Жеке бас гигиенасын сақтау үшін қол жууға арналған санитайзермен, қол сүртуге бір реттік қағаз сулықтармен қамтамасыз етілген. Мектеп асханасынан сарқынды суларды бұру жүйесі жүргізілген, сарқынды су жергілікті септикке қосылған. Мектеп асханасында тамақтану залында, қоймада қолды ластанудан болдырмайтын қоқысқа арналған педальді жәшік қойылған. Өндірістік, қойма, қосалқы үй жайларды жинау үшін мақсатына қарай әріппен таңбаланған жинау мүкәммалдары бөлінген.

9. Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жер асты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау мағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған ортамен халық денсаулығын атигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;)

10. Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

«Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалының Шымкент қалалық бөлімшесінің 17.07.2025 жылғы №РО-25-02405 №2719 суды микробиологиялық зерттеу хаттамасы, 18.07.2025 жылғы №2025-2663/2040/РО-25-02405 орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы, 17.07.2025 жылғы №2025-2663/778РО-25-02405 шу, дыбыс деңгейлерінің оқшаулануын өлшеу хаттамасы, 18.07.2025 жылғы №РО-2025-02405/2663/6494-6533 метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы, 18.07.2025 жылғы №РО-25-02405/2663/6152-6191 жарықты өлшеу хаттамасы, 17.07.2025 жылғы №2025-2663/487РО-25-02405 электромагниттік өрісті өлшеу хаттамасы

11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)



ИСК түрі және сипаттамасы (вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
1	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытыми ИИИ)	-	-	
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытыми ИИИ)	-	-	
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами, генерирующими излучение)	-	-	
IV. ИСК-мен басқа жұмыстар (другие работы с ИИИ)	-		

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

Түркістан облысы, Шардара ауданы, Шардара қаласы, К.Байсейітова көшесі №15 мекен жайында орналасқан Түркістан облысы білім басқармасының Шардара ауданының білім бөліміне қарасты «№3 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шідедегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілген объектінің толық атауы)
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы) **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы №ҚР ДСМ-15 «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 наурыздағы №26 «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық ауыз-сүмен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-331 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрықтарына**

Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай **сай (соответствует)**

Ұсыныстар (Предложения):

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстің негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.

На основании Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-



«Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Түркістан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Шардара аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі ШАРДАРА АУДАНЫ, ШАРДАРА Қ., көшесі Әшім Қасымов, № 26 үй

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер, қолы (орынбасар)

Республиканское государственное учреждение «Шардаринское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Туркестанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"

ШАРДАРИНСКИЙ РАЙОН, Г.ШАРДАРА, улица Ашим Касымов, дом № 26

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Назарбекова Сабира Шортановна

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)



